

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы"
2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру
жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 38-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 2021 жылғы 24 ақпандағы
 № 38-ө өкімімен
 бекітілген

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2021 жылғы ақпан	А.С. Сапаров

2	Астық нарығы жөніндегі операторды айқындау туралы	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2021 жылғы ақпан	А . С . Сапаров
3	Астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2021 жылғы наурыз	А . С . Сапаров

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК